

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 26-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 571 -қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде емес)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - тілдік ережелерді сақтап, дұрыс қолдана білуге, сауатты жазып, еркін сөйлесуге үйрету, тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілінің мәнін түсініп, оны қадірлейтін тұлға қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) қазақ тілінің базалық мазмұнын, оның құрылымын, әдеби тілдің негізгі нормаларын игеру;

2) ережеге сай синтаксистік құрылымы дұрыс сөз тіркестері мен сөйлемдер құру дағдыларын, тілдік бірлік, оларды біріктіре алу ережелері туралы білімдерін қалыптастыру;

3) көру қабілеті бұзылған білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес алынған ақпараттарды талдау, бағалау, түсіндіруге бағытталған қисынды ойлау дағдаларын дамытып, қалыптастыру;

4) қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту;

5) ақпараттық-байланыс және компьютерлік технологияны пайдалану дағдыларын дамытып, қалыптастыру;

6) ұлттық құндылықтарды түсінуін қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

- 1) көру қабілеті бұзылған білім алушылардың танымдық іс-әрекетте сақталған сезім мүшелері мен зақымдалған көру анализаторларының сақталған қызметін рационалды пайдалануды қалыптастыру;
- 2) елестеткен бейнені сөзбен суреттеу арқылы сөз бен бейненің арасындағы байланысты қалыптастыру;
- 3) сюжеттік суреттерді дұрыс қабылдай білуін қалыптастыру;
- 4) көру қабілеті бұзылған білім алушылардың затты бағдарлау және көрнекі-бейнелі ойлау қабілетін дамыту үшін, нүктелі-рельефті суреттерді оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) көзбен шамалау және үйлестіру дағдыларын дамыту;
- 6) ұсақ қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту, қол мен саусақтың дағдыларын нығайту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Іс-әрекеттік, жеке тұлғаға бағытталған, саралап оқыту, коммуникативтік тәсілдер классикалық білім негіздері ретінде, оқыту мақсаттарының жүйесі мен оқу процессінің нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Іс-әрекеттік тәсіл білім мен дағдылардың белсенді танымдық әрекеті барысында қолданылып, білім алушылардың есту, көру, сезу дағдыларын дамытады.

7. Жекелік-бағдарларлық тәсіл сыныппен жұмыс жасау барысында көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жекелік жұмыс жүргізуге бағытталып, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

8. Саралап оқыту тәсілінде көру қабілеті бұзылған білім алушыларды танымдық қызығушылығы мен қабылдау қабілетіне қарай топтап, күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар түрі қолданылады және көру өткірлігіне қарай төмендегідей топқа бөледі:

1) көру өткірлігі 0,04-дейінгі көрмейтін, Брайль системасы бойынша оқитын және нашар көретін;

2) көру өткірлігі 0,05-тен 0,09-ға дейін және 0,1-ден 0,4-ке дейін жақсы көретін көзіне көзілдірік киіп, үлкейтілген қаріппен оқитын білім алушылар.

9. Оқытудың коммуникативтік тәсілі:

1) қазақ тілі сабағында қарым-қатынас жасап үйреніп, топпен және жеке жұмыс жасау барысында өзінің және басқалардың шығармашылық жұмысын бағалап, талдай білуді қалыптастыруына;

2) білім алушылардың берілген тапсырманы түсінбей жаттанды түрде айтуына әкеліп соғатын вербализмді жеңуіне;

3) қазақ сыныбында оқымайтын білім алушылардың сөзді дұрыс айта білуін қалыптастырып, сөздік қорын толықтырып, оқу материалын саналы түрде игеруіне ықпал етеді.

10. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (бұдан әрі – АКТ) құралдарын пайдалану білім алушыларға жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді.

11. Заттық ұғымды қалыптастыруда көрмейтін білім алушылардың сезіп білуіне, нашар көретін білім алушылардың қабылдауына ыңғайлы көрнекі құралдар маңызды рөл атқарып, білім алушылардың жалпы және тілдік кемістіктерін түзету құралы болғандықтан, затты зерттеп, логикалық қорытынды жасай алуына байланысты саралап қолданылады.

12. Білім алушылардың көру мүмкіндігіне байланысты күнделікті оқу барысында қолданылатын құралдар:

- 1) көрмейтін білім алушыларға арналған оқу машинасы;
- 2) нашар көретін білім алушыларға арналған жақыннан және алыстан карауға болатын ұлғайтқыш (үлкейткіш) құрал;
- 3) компьютерлік тифло-кешен: Брайль принтері, интербелсенді тақта;
- 4) Брайль жүйесі бойынша басатын механикалық жазу машинкалары;
- 5) дыбысталатын компьютерлік бағдарламалар;
- 6) Арнайы оқу құралдары: Брайль жүйесі бойынша жазба жұмыстарына арналған құралдар, грифелдер, тығыз қағаздан жасалған дәптерлер;
- 7) нүктелі бедерлі шрифтпен орындалған мәтіндік дидактикалық құралдар, сезіп және көріп қабылдауына бағытталған әр түспен безендірілген бедерлі иллюстрациялық-графикалық құралдар, көрмейтін білім алушылардың қажеттіліктерін есепке ала отырып жасалған жеке дидактикалық материалдар;
- 8) табиғи заттар, макеттер, қозғалмалы механикалық ойыншықтар, рельефті сюжеттік суреттер, кестелер, сызбалар.

3-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

13. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;
- 2) 1-сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты;
- 3) 2-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 4) 3-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 4-сыныпта - аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

14. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) «Тыңдалым» бөлімі;
- 2) «Айтылым» бөлімі;
- 3) «Оқылым» бөлімі;
- 4) «Жазылым» бөлімі;
- 5) «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі.

15. «Тыңдалым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тыңдалым тәсілдерін қолдану;
- 2) сөздердің лексикалық мағынасын түсіну;
- 3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну;

- 4) мәтіндегі негізі, қосалқы ақпараттарды түсіну;
- 5) тыңдау - көру материалдарының мазмұнын түсіну.

16. «Айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорды толықтыру;
- 2) берілген тақырып бойынша ойын жеткізу;
- 3) түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік

нормаларды қолдану;

- 4) оқыған, тыңдаған материалдарды мазмұндау;
- 5) тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту;
- 6) оқылған, тыңдаған материалдар бойынша ой- пікірін білдіру.

17. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу түрлерін қолдану;
- 2) мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 3) мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау;
- 4) сұрақтар мен жауаптар құрастыру;
- 5) түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу.

18. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу;
- 2) тыңдаған, оқыған материалдың мазмұнын жазу;
- 3) пунктуациялық нормаларды сақтау;
- 4) каллиграфиялық нормаларды сақтау.

19. «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі келесідей бөлімшелерді

қамтиды:

- 1) грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау);
- 2) орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау.

20. 0-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: жаңа сөздермен танысу, оның мағынасын түсіну; сөйлем туралы алғашқы түсінік қалыптастыру; фонемалық естуді дамытып, ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажырата білу; сөздегі дыбыстардың дәйектілігін анықтау; сөздік қорды дамыту; көру қабілеті бұзылған білім алушылардың есту қабілетінің жақсы дамуына байланысты есту арқылы қабылдауына басты назар аудару;

2) айтылым: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстап үйрену; дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беру; сөйлеу барысында вербалды емес қарым-қатынас нұсқауларын (ым-ишара, қимыл) қолдану; сөзді буынға бөліп, буын санын анықтау;

3) оқылым: оқылған мәтіннің не туралы екенін түсіну; көзі көрмейтін білім алушылар заттарды, кітапты екі қолдың саусақтарымен бағдарлап үйрену; көзі нашар көретін білім алушылар заттарды түсі, көлемі бойынша оқулықтағы суреттермен салыстырып үйрену; сонымен бірге оқулық беттерін бағдарлап, кеспе әріптертерді дұрыс таба білуді үйрену; өз есімінің әріптерін тану; кейбір негізгі сөздерді тану; әріптерді тану және атау; жиі қолданылатын қысқа сөздерді оқу;

4) жазылым: Брайль құралын қолдану ережелерімен танысу; құралды ашып, жабуды, қағазды дұрыс салып, қыстыруды, грифельді дұрыс ұстауды, саусақтың ұшымен нүктелерді сипап сезуді үйрену; көзі нашар көретін білім алушылардың офтальмологиялық ерекшеліктерін ескере отырып каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру; өзінің және отбасы мүшелерінің есімдерін жазу; қарапайым сөздерді көшіріп жазу; жиі қолданылатын қарапайым сөздерді есту арқылы жазу.

21. 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және соған сәйкес әрекет ету; күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну; тыңдалған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалдың кім, не туралы екенін түсіну; тыңдаған, көрген мәтінді түсінгенін қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы білдіру; көру қабілеті бұзылған білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың есту қабілетінің жақсы дамуына байланысты есту арқылы қабылдауына басты назар аудару;

2) айтылым: өзін таныстыру, заттарды сипаттау барысында сөздер мен сөз тіркестерін қолдану; сурет бойынша өз ойын екі-үш сөйлеммен білдіру; сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну (сұрақ қою, хабарлау, келісу, келіспеу, өтіну, құттықтау), тілдік нормаларды сақтай отырып жауап беру; шағын мәтінді мазмұндау; қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу; тыңдаған не оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін айту;

3) оқылым: таныс сөздерді тұтас оқу; мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну; мәтіннің жанрын ажырату; мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қою; иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу; қазақ тіліне тән әріптерді дұрыс дыбыстау үшін артикуляциялық жаттығулар жасау, Брайль жүйесінде басылған мәтінді екі қолдың саусақтарымен оқып, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, қалдық көру қабілетін сақтау;

4) жазылым: суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу; оқыған немесе тыңдаған материалдар бойынша заттардың таныс атауларын жазу; қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, нүктелі-бедерлі шрифтпен жазу дағдысын қалыптастыру; әріптердің жазылуы (оңнан солға қарай) мен оқылуындағы (солдан оңға қарай) айырмашылықтарды қабылдай білу; каллиграфиялық нормалар: нашар көретін білім алушыларға көркем жазу (көлбеу) міндетті емес. Көркем жазу дағдысын білім алушының көру мүмкіншілігін (офтальмологиялық) ескере отырып жетілдіру;

5) тілдік нормаларды қолдану:

грамматикалық нормалар: заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану; көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын ауызша тілде қолдану; сөйлеу барысында етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымсыз етістікті қолдану; сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану; сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру;

орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау: әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту; ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу; бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су аттары, үй жануарларына берілген ат) ажырату; Брайль жүйесі бойынша бас әріптерді (4,5) нүктелерін қолдана отырып жазу.

22. 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау- көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау; күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну; тыңдаған материалға иллюстрация таңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру; тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну, кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтауы, тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау, есту арқылы қабылдауын дамыту, дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту;

2) айтылым: сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану; сюжетті сурет негізінде өз ойын айту; тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну (сұрақ қою, хабарлау, келісу, келіспеу, өтіну, құттықтау); оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау; фильмдер мен тыңдалым материалындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу; салыстыру негізінде ақпарат, оқиға туралы қарапайым

ой-пікірін айту; фонемалық естуді дамыту үшін артикуляциялық жаттығулар жасау, дұрыс байланыстыра сөйлей білуді дамыту;

3) оқылым: мәтінді мәнерлеп оқу; таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну; мәтіннің жанрын ажырату; мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру, оған жауап беру; сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу; қалдық көру қабілетін сақтау, көрмейтін білім алушылар нүктілі-бедерлі шрифтті оқығанда екі қолының саусақтарымен оқуын жетілдіру, оқығанда тіл бұзылыстарын (әріпті, сөздерді дұрыс айтпау, екпінді дұрыс қоймау) жібермеудің алдын алу үшін фонемалық естуін дамыту;

4) жазылым: заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; оқыған немесе тыңдаған материалдары бойынша сөз тіркестерін жазу; нүктелі-бедерлі шрифтпен жазу дағдыларын жетілдіру; әріптердің жазылуы мен оқылуындағы айырмашылықтарды қабылдай білу; құралды бағдарлап, жазылған мәтінді грифельмен оқи білу; пунктуациялық нормалар: жай сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілерін қолдану; Брайль жүйесі бойынша қойылатын тыныс белгілерді білу; каллиграфиялық нормалар: бас әріптер мен кіші әріптердің байланысын сақтап жазу; нашар көретін білім алушыларға көркем (көлбеу) жазу міндетті емес. Көркем жазу дағдысын білім алушының көру мүмкіншілігін (офтальмологиялық) ескере отырып жетілдіру;

5) тілдік нормаларды қолдану: грамматикалық нормалар: заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану; сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын қолдану; сөйлеу барысында етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымсыз етістікті қолдану; сөйлеу барысында сілтеу, сұрау есімдіктерін қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлемдер құрастыру. Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау»: айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ажырату; айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу; ә, ө, ү, ұ, і, н, ғ, қ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу.

23. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдерің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қою; күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну; тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру; тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын анықтау; тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау; көру қабілеті бұзылған білім алушылардың есту қабілетіне назар аудару, сақталған анализаторларының қызметін пайдалану;

2) айтылым: сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану; ұсынылған тақырып негізінде өз ойын айту; белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну, олардың ойын толықтыру; өзінің жоспарлары мен жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар мен әңгімелерді өз сөзімен айтып беру; фильмдер мен тыңдалым материалындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу; тыңдаған, оқыған материал бойынша өз көзқарасын айту; дұрыс байланыстыра сөйлей білуге дағдыландыру;

3) оқылым: оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу; таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну; мәтіннің жанрын ажырату, әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтау; мәтін мазмұны мен кейіпкерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар құрастыру және оған жауап беру; сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздеу жолын білу және табу; қалдық көру қабілетін сақтау, танымдық белсенділігін арттыру, нашар көретін білім алушылардың екі көзімен оқи алу қабілетін дамыту;

4) жазылым: тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; оқыған немесе тыңдаған материалдар бойынша қысқа жазбалар жазу; қолдың ұсақ моторикасын түзету, жазылған мәтінді грифельдің көмегімен оқи білу; пунктуациялық нормалар: өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану; Брайль жүйесі бойынша қойылатын тыныс белгілерді білу;

5) тілдік нормаларды қолдану: грамматикалық нормалар: заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану; көптік, тәуелдік, септік жалғауларын ауызша және жазбаша тілде қолдану; сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану; жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ажырату және құрастыру; орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау: жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктердің көмегімен дұрыс айту және жазу; дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу.

24. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: ауызша тіл және тыңдау-көру материалын басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және түсіну; бейтаныс сөздер мен сөз тіркестерінің мәтінге қатысты мағынасын түсіну; мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және түйінді тұстарын анықтау; материалдағы негізгі ойды анықтау; тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою және телебағдарлама үзіндісіндегі музыка, сөз, және бейнелердің маңызын анықтау; көру қабілеті бұзылған білім алушылардың есте сақтау қабілетін түзету, сенсорлық қызметінің белсенділігін дамыту;

2) айтылым: әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану; басталған мәтінді өз ойынша аяқтау; белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну және оның сөзін нақтылау, анықтау, өз сөзімен айтып беру; тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиға, әңгімені дәлме-дәл айтып беру; фильмдер мен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру; тыңдаған/оқыған материал бойынша өз көзқарасын дәлелдеу;

3) оқылым: оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу; бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну; мәтіннің жанрын ажырату, пайымдау мәтінін анықтау; мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайтын сұрақтар құрастыру және оған жауап беру; қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді қолдана білу; қалдық көру қабілетін сақтау, нүктелі-рельефті мәтіндерді екі қолдың саусақтарымен оқу;

4) жазылым: оқиғаларды сурет (комикс) түрінде ұсыну; оқыған немесе тыңдаған материалдар бойынша шағын мәтін жазу; қолдың ұсақ қимыл қозғалысын дамыту; пунктуациялық нормалар: шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану; Брайль жүйесі бойынша тыныс белгілерді қолдана білу; каллиграфиялық норма: нашар көретін білім алушылар бас әріптер мен кіші әріптердің каллиграфиясын сақтап жазу және каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру;

5) тілдік нормаларды қолдану. Заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану; көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын ауызша және жазбаша тілде еркін қолдану: грамматикалық нормалар: сөйлеу барысында түрлі

кимыл-әрекетті білдіретін сөздерді қолдану; жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша және жазбаша тілде қолдану; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құру; сөйлем түрлерін бір түрден екінші түрге айналдыру; орфоэпиялық және орфографиялық нормалар: айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту және жазу; сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.2 кодында: «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

26. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 айтылған сөздерді тыңдау, түсіну; 0.1.1.2 дыбыстар мен әріптерді ажырата білу; 0.1.1.3 сөздерді есту арқылы буынға бөлу	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсіну; 2.1.1.2 фонемалық қабылдау әдістерін қолдану	3.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау	4.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және түсіну; 4.1.1.2 сөздік қорды толықтыру
1.2 Сөздердің	0.1.2.1 сөздерді	1.1.2.1 күнделікті	2.1.2.1 күнделікті	3.1.2.1 күнделікті	4.1.2.1 бейтаныс

лексикалық мағынасын түсіну	тыңдау, түсіну; 0.1.2.2 қарапайым сұрақтарға жауап беру	өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну	өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну; 2.1.2.2 сурет пен затты сәйкестендіре алу дағдысын меңгеру	өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерін ең құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну; 3.1.2.2 елестеткен бейнені сөзбен суреттеу арқылы сөз бен бейненің арасындағы байланысты қалыптастыра білу	сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мәтінге қатысты мағынасын анықтап түсіну; 4.1.2.2 мәдени қарым қатынас жасай алу дағдысын меңгеру
1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 мұғалім қойған сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.2 кітаптағы рельефті суреттердің табиғи заттармен ұқсастығы	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация, суреттер, сызбалар таңдау	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация, суреттер, сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар	4.1.3.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және түйінді тұстарын анықтау

	н анықтау		беру; 2.1.3.2 нүктелі-бедерлі суреттерді оқи білу дағдылары н меңгеру	орналастыру, кесте толтыру; 3.1.3.2 нүктелі-бедерлі суреттерді оқи білу дағдылары н меңгеру	
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 тыңдалған мәтінде кім, не туралы айтылғанын түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім, не туралы екенін түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау	3.1.4.1 тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) анықтау	4.1.4.1 тыңдаған материалдағы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған, көрген мәтінді түсінгенін білдіру	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау	4.1.5.1 тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою және телебағдарлама үзіндісіндегі музыка, сөз және бейнелердің маңызын

					анықтау
--	--	--	--	--	---------

2) «Айтылым» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 сөз бен буынды ажырата білу; 0.2.1.2 сөздерді буынға бөліп, қанша буын екенін анықтау	1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану	4.2.1.1 әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану
2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 сурет бойынша қысқа, қарапайым сөйлемдер құру	1.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын айту	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту	4.2.2.1 басталған мәтінді өз ойынша аяқтау
2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 әңгіменің кейіпкерлерін атау; 0.2.3.2 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.3.3 заттар	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	4.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу, сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру

	туралы ұғымды нақтылау		туралы айтқанын түсіну		айтып беру
2.4 Оқыған, тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалім оқыған мәтінді тыңдау; 0.2.4.2 мәтінді әңгімелеу	1.2.4.1 шағын мәтінді, қарапайым оқиғаларды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау	3.2.4.1 өзінің жоспар, жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар, әңгімелерді өз сөзімен айтып беру	4.2.4.1 тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиғалар, әңгімелерді дәлме-дәл айтып беру
2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 әртүрлі көрнекі құралдарды зерттей білу дағдыларының үйрену	1.2.5.1 қысқа фильмдермен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу	2.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу	3.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу	4.2.5.1 фильмдермен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға көзқарасын білдіру
2.6 Оқылған, тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	0.2.6.1 мұғалім оқыған мәтіндегі кейіпкерлер туралы өз ойын айтып үйрену	1.2.6.1 тыңдаған, оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін, келіспеймін, ұнайды, ұнамайды)	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен... ойлаймын, мен...	3.2.6.1 тыңдаған, оқыған материал бойынша өз көзқарасын (маған ... сияқты, маған ... тәрізді)	4.2.6.1 тыңдаған, оқыған материал бойынша өз көзқарасын (менің ойымша..., ... деп ойлаймын)

		айту	санаймын) айту	айту	дәлелдеу
--	--	------	-------------------	------	----------

3) «Оқылым» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Оқу түрлерін қолдану	<p>0.3.1.1 оқулықты бағдарлап үйрену;</p> <p>0.3.1.2 оқулықты қалай пайдалану қажеттігін айтып, көрсету;</p> <p>0.3.1.3 әріптерді тану және атау, өз есімінің әріптерін тану;</p> <p>0.3.1.4 жиі қолданылатын қысқа сөздерді оқу</p>	<p>1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу;</p> <p>1.3.1.2 қазақ тіліне тән әріптерді дұрыс дыбыстау үшін артикуляциялық жаттығулар жасау, Брайль жүйесінде басылған мәтінді екі қолдың саусақтарымен оқып, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, қалдық көру қабілетін сақтау</p>	<p>2.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу;</p> <p>2.3.1.2 қалдық көру қабілетін сақтау, танымдық белсенділігін арттыру</p>	<p>3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу);</p> <p>3.3.1.2 Брайль жүйесінде басылған мәтінді оқуда қолдың ұсақ қимылын дамыту, танымдық белсенділігін арттыру</p>	<p>4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу;</p> <p>4.3.1.2 қалдық көру қабілетін сақтау, нүктелі-рельефті мәтіндерді екі қолдың саусақтарымен оқу</p>
3.2 Мәтіннің	0.3.2.1 таныс	1.3.2.1 мәтіндегі	2.3.2.1 таныс	3.3.2.1 таныс	4.3.2.1 бейтаныс

мазмұнын түсіну	сөздердің мағынасын түсіну	таныс сөздердің мағынасын түсіну	сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну	сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну
3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 оқылған мәтінге өз көңіл-күйін білдіру; 0.3.3.2 мәтіндегі кейіпкерлердің көңіл-күйін түсіну	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырату	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу, сипаттау мәтінін анықтау	4.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды) ажырату, пайымдау мәтінін анықтау
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің сұрағына дұрыс жауап беру	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру	4.3.4.1 мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайтын сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу		1.3.5.1 мұғалімнің көмегіне иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздеу жолын білу және табу	4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографика ала, энциклопедия, ғаламтор) қолдана білу
--	--	---	---	--	--

4) «Жазылым» бөлімі:
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 жазу құралымен танысу; 0.4.1.2 сезу арқылы қабылдау әрекетін дәйек теу 0.4.1.3 бедерлі-графикалық суреттің түрлерін нақтылау; 0.4.1.4 түстерді ажырату	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу; 1.4.1.2 қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, нүктелі-бедерлі шрифтпен жазу дағдысын қалыптастыру;	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; 2.4.1.2 нүктелі-бедерлі шрифтпен жазу дағдылары	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу; 3.4.1.2 қолдың ұсақ моторикасын түзету, жазылған мәтінді	4.4.1.1 оқиғаларды сурет (комикс) түрінде ұсыну

	(қалдық көру қабілеті сақталған жағдайда)	әріптердің жазылуы (оңнан солға қарай) мен оқылуындағы (солдан оңға қарай) айырмашылықтарды қабылдай білу	н жетілдіру; әріптердің жазылуы мен оқылуындағы айырмашылықтарды қабылдай білу	грифельдің көмегімен оқи білу	
4.2 Тыңдаған, оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 жиі қолданылатын қарапайым сөздерді есту арқылы жазу; 0.4.2.2 қарапайым сөздерді көшіріп жазу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған, тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған, тыңдау-көру материалдары бойынша өз тіркестерін жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған, тыңдау-көру материалдары бойынша қысқа жазбалар жазу	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған, тыңдау-көру материалдары бойыншағын мәтін жазу
4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау			2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану; 2.4.3.2 Брайль жүйесі бойынша тыныс	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану; 3.4.3.2 Брайль жүйесіндегі тыныс белгілерді дұрыс	4.4.3.1 шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану; 4.4.3.2 Брайль жүйесі бойынша тыныс белгілерді

			белгілерді білу	қолдана білу	қолдана білу
4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау		1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу; 1.4.4.2 саусақтың қозғалысы, шынтақты орналасуы, оқып, жазу кезінде егрифельді дұрыс ұстау, дұрыс жазу дағдыларының дамыту	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларының дамыту	4.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу және каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

5) «Тілдік нормаларды қолдану» бөлім:
5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
5.1 Грамматикалық	0.5.1.1 сөздің қандай	1.5.1.1 мұғалімнің көмегімен	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен	4.5.1.1 заттың атын, сынын,

<p>нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)</p>	<p>дыбыстардан тұратынын айту (дауысты – жуан, жіңішке, ашық, қысаң; дауыссыз – қатаң, ұяң, үнді;</p> <p>0.5.1.2 «дыбыс» және «әріп» түсініктерінің ажырату;</p> <p>0.5.1.3 сөзді буынға бөлу</p>	<p>заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану;</p> <p>1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын ауызша тілде қолдану;</p> <p>1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану;</p> <p>1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерінің дұрыс қолдану;</p>	<p>заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану;</p> <p>2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын қолдану;</p> <p>2.5.1.3 сөйлеу барысында етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану;</p> <p>2.5.1.4 мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау);</p> <p>2.5.1.6 мұғалім</p>	<p>заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану;</p> <p>3.5.1.2 көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде қолдану;</p> <p>3.5.1.3 сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану;</p> <p>3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктерінің септелуін және мұғал</p>	<p>санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану;</p> <p>4.5.1.2 көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде еркін қолдану;</p> <p>4.5.1.3 сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше, көсемше, рай) қолдану;</p> <p>4.5.1.4 жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша және құрмалас</p>
--	---	--	---	--	--

		1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру	көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату	імнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру; 3.5.1.6 айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру	сөйлем құрастыру; 4.5.1.6 сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) бір түрден екінші түрге айналдыру
5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	0.5.2.1 кітаптағы рельефті суреттердің табиғи заттармен ұқсастығын анықтау; 0.5.2.2 қанық суреттегі заттардың пішінін тану (қалдық көру қабілетімен) 0.5.2.3 берілген дыбыс бойынша сөздерді өз бетінше табу,	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту; 1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу; 1.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді	2.5.2.1 мұғалімнің көмегімен айтылуымен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу; 2.5.2.2 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.1 жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс жазу және айту; 3.5.2.2 дауыссызб -п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу	4.5.2.1 айтылуымен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді мұғалім көмегімен дұрыс жазу және айту; 4.5.2.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу

	сөздер арасын байланыстыра білу	(кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) ажырату; 1.5.2.4 Брайль жүйесі бойынша бас әріптерді (4,5) нүктелерін қолдана отырып жазу			
--	---------------------------------	---	--	--	--

27. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

28. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 айтылған сөздерді тыңдау, түсіну
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздерді тыңдау, түсіну; 0.1.2.2 қарапайым сұрақтарға жауап беру
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 мұғалім қойған сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.2 кітаптағы рельефті суреттердің табиғи заттармен ұқсастығын анықтау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 тыңдалған мәтінде кім, не туралы айтылғанын түсіну
2. Менің мектебім	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 сөз бен буынды ажырата білу; 0.2.1.2 сөздерді буынға бөліп, қанша буын екенін анықтау
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	0.2.3.1 әңгіменің кейіпкерлерін атау; 0.2.3.2 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.3.3 заттар туралы ұғымды нақтылау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 оқулықты бағдарлап үйрену; 0.3.1.2 оқулықты қалай пайдалану қажеттігін айтып, көрсету; 0.3.1.3 әріптерді тану және атау, өз

			есімінің әріптерін тану; 0.3.1.4 жиі қолданылатын қысқа сөздерді оқу
	Жазылым	4.2 Тыңдаған, оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 жиі қолданылатын қарапайым сөздерді есту арқылы жазу; 0.4.2.2 қарапайым сөздерді көшіріп жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 сөздің қандай дыбыстардан тұратынын айту (дауысты – жуан, жіңішке, ашық, қысаң; дауыссыз – қатаң, ұяң, үнді); 0.5.1.2 «дыбыс» және «әріп» түсініктерін ажырату; 0.5.1.3 сөзді буынға бөлу
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздерді тыңдау, түсіну; 0.1.2.2 қарапайым сұрақтарға жауап беру
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
	Айтылым	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 әңгіменің кейіпкерлерін атау; 0.2.3.2 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.3.3 заттар туралы ұғымды нақтылау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 әртүрлі көрнекі құралдарды зерттей білу дағдыларын үйрену
4. Бізді қоршаған әлем	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 сөздің қандай дыбыстардан тұратынын айту (дауысты – жуан, жіңішке, ашық, қысаң; дауыссыз – қатаң, ұяң, үнді); 0.5.1.2 «дыбыс» және «әріп» түсініктерін ажырату; 0.5.1.3 сөзді буынға бөлу
3-тоқсан			

5. Саяхат	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздерді тыңдау, түсіну; 0.1.2.2 қарапайым сұрақтарға жауап беру
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 сурет бойынша қысқа, қарапайым сөйлемдер құру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 әңгіменің кейіпкерлерін атау; 0.2.3.2 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.3.3. заттар туралы ұғымды нақтылау
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 сөздің қандай дыбыстардан тұратынын айту (дауысты – жуан, жіңішке, ашық, қысаң; дауыссыз – қатаң, ұяң, үнді); 0.5.1.2 «дыбыс» және «әріп» түсініктерін ажырату; 0.5.1.3 сөзді буынға бөлу
4-тоқсан			
7. Тағам және сусын	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 сөздерді тыңдау, түсіну; 0.1.2.2 қарапайым сұрақтарға жауап беру
		2.4 Оқыған, тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалім оқыған мәтінді тыңдау; 0.2.4.2 мәтінді әңгімелеу
	2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 әртүрлі көрнекі құралдарды зерттей білу дағдыларын үйрену	
8. Дені саудың – жаны сау	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 сөздің қандай дыбыстардан тұратынын айту (дауысты – жуан, жіңішке, ашық, қысаң; дауыссыз – қатаң, ұяң, үнді); 0.5.1.2 «дыбыс» және «әріп» түсініктерін ажырату; 0.5.1.3 сөзді буынға бөлу

2) 1-сынып:
2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация, суреттер, сызбалар таңдау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.6 Оқылған, тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	1.2.6.1 тыңдаған, оқыған материал туралы өзінің қарапайым пайымдамасын (келісемін, келіспеймін, ұнайды, ұнамайды) жасау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу; 1.3.1.2 Брайль жүйесінде басылған мәтінді оқуда қолдың ұсақ қимылын дамыту
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну
